**Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 10 тамыздағы N 756

Шығыс Қазақстан облысындағы зілзала апатының салдарын жою және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету жөнінде кезек күттірмейтін шаралар қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыруға арналған қаражаттың есебінен Шығыс Қазақстан облысының әкіміне 1998 жылдың сәуірінде облыс аумағында болған дауылдың зардаптарын жоюға және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсетуге 100 (жүз) миллион теңге бөлінсін.

2. Шығыс Қазақстан облысының әкімі 1998 жылдың үшінші тоқсаны бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетіне орындалған жұмыстың көлемі мен құны туралы баяндасын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қазынашылығы бөлінген қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан» Министерства юстиции Республики Казахстан